

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Тереңкөл ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Павлодар облысы Тереңкөл аудандық мәслихатының 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 5/5 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 21 мамырда № 7289 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Тереңкөл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 6 желтоқсандағы № 3 /10 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Тереңкөл аудандық мәслихатының 06.12.2023 № 3/10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46 -бабы 2-тармағы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысына сәйкес, Тереңкөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Тереңкөл ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы бекітілсін.

2. Тереңкөл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 6 желтоқсандағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Тереңкөл ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 4/51 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 6696 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Тереңкөл аудандық мәслихатының әлеуметтік сала мен занғылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тереңкөл аудандық мәслихатының сессия төрағасы

Тереңкөл аудандық мәслихатының хатшысы

М. Абраева

С. Баяндинов

Тереңкөл аудандық

**Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Тереңкөл ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Павлодар облысы Тереңкөл аудандық мәслихатының 15.06.2023 № 1/4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Осы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармақтарына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Ардагерлер туралы" Заңына (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (бұдан әрі - Үлгілік қағидалар) № 504 қаулысына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

**1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының Павлодар облысы бойынша филиалы (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге отініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жылжымайтын мүлікке құқықтарды оның орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын занды тұлға;

2) арнайы комиссия – өмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Тереңкөл ауданы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі – Павлодар облысы бойынша статистикалық органдар есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айна отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) өмірлік қызын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

7) уәкілдегі орган - "Тереңкөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

8) участекілік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің шешімдерімен құрылатын комиссия;

9) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

2. Осы Қағидаларда әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқарушы органдымен (бұдан әрі - ЖАО) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі - алушылар) өмірлік қызын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ мереке күндеріне ақшалай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

3. Әлеуметтік көмекті тағайындау туралы шешім қабылданған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде, алушының шотына аудару жолымен банк операцияларының тиісті түрлеріне лицензиялары бар, ақшалай нысандағы әлеуметтік көмек екінші деңгейдегі банктер немесе ұйымдар арқылы көрсетіледі.

4. Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 16-бабында және Қазақстан Республикасының "Ардагерлер туралы" Заңының 10-бабы 2) тармақшасында, 11-бабы 2) тармақшасында, 12-бабы 2) тармақшасында және 13-бабы 2) тармақшасында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

5. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын) көрсетіледі.

6. Әлеуметтік көмек көрсету үшін мерекелік күндерінің тізбесі:

1) 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні;

2) 1 мамыр – Қазақстан халқының біrlігі мерекесі;

- 3) 7 мамыр - Отан қорғаушы күні;
- 4) 9 мамыр - Жеңіс күні;
- 5) 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституция күні;
- 6) 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні.

**2-тaraу. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі**

7. Әлеуметтік көмек келесі санаттардағы азаматтарға көрсетіледі:

- 1) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қымылдарының ардагерлері:

Ауғанстандағы кеңестік әскери континентке қызмет көрсеткен, жарақат, контузия алған немесе мертіккен не ұрыс қымылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының(бұдан әрі – КСР Одағы) ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер;

1992 жылғы қыркүйек – 2001 жылғы ақпан аралығындағы кезеңде Тәжікстан-Ауғанстан участкесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын қорғауды күшету жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерін орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері;

2003 жылғы тамыз – 2008 жылғы қазан аралығындағы кезеңде Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде қатысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері;

1986 – 1991 жылдар аралығындағы кезеңде Таулы Қарабахтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары;

2) женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар, атап айтқанда:

1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдар;

3) женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген адамдар, атап айтқанда:

бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қымылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметін өткеру кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілер;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынақтардың салдарынан мүгедектік белгіленген адамдар және мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуымен генетикалық байланысты олардың балалары.

4) еңбек ардагерлері:

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар;

1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар;

5) Заңның күші қолданылатын басқа да адамдар:

бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасылары;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген қайтыс болған адамның екінші рет некеге тұрмаған зайыбы (жұбайы), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігуі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар адам деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған зайыбы (жұбайы);

6) зейнеткерлік жасқа толған азаматтар:

зейнеткерлік жасқа толған, зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерін немесе зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерінен төмен алатын азаматтар;

зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерін немесе зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең аз мөлшерінен төмен алатын 80 жастағы және одан (асқан) көп жасқа толған азаматтар;

сотпен немесе Қазақстан Республикасының "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Заңымен белгіленген тәртіппен саяси қуғын-сүргіндер құрбаны немесе саяси қуғын-сүргіндерден зардал шеккен деп танылған азаматтар;

7) мүгедектігі бар адамдар, атап айтқанда:

18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар;

1 топтағы мүгедектігі бар адамдар;

2 топтағы мүгедектігі бар адамдар;

18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар;

кірістерін есепке алмай, жоғары немесе орта арнайы (кәсіби) білім және білім берудің өзге де түрлерін алуға мүгедектігі бар адамдарды оңалтудың жеке бағдарламасының кәсіби бөлігінен көшірмесі бар мүмкіндігі шектеулі студенттер ;

8) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар қатарындағы көп балалы аналар (отбасылар);

9) аз қамтамасыз етілген азаматтар, атап айтқанда:

табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан мұлікке залал келтіруге байланысты өмірлік қызын жағдайға тап болған азаматтар;

он сегіз жасқа дейінгі балалары бар отбасылар;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтар;

халықты жұмыспен қамту орталығында есепте тұрған азаматтар;

жетім балалар;

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

шұғыл немесе жоспарлы операцияға, оның ішінде бір айдан астам ұзақ ауруға шалдықкан адамдар;

пешпен жылдытылатын жеке тұрғын үй қорында тұратын, жан басына шаққандағы орташа табысы өтініш берген кезде белгіленген ең тәмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын отбасылар;

жан басына шаққандағы орташа табысы ең тәменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын, бір жасқа дейінгі жасанды тамақтандыруды балалары бар отбасылар;

10) әлеуметтік мәні бар аурулары бар азаматтар, атап айтқанда:

диспансерлік есепте тұрған қатерлі ісіктен зардал шегетін тұлғалар;

амбулаторлық емдеудегі туберкулез ауруынан зардал шегетін тұлғалар;

адамның қорғаныс тапшылығының қоздырғышы ауруынан зардал шегетін тұлғалар;

адамның қорғаныс тапшылығының қоздырғышы ауруынан зардал шегетін балалар;

"жүйелі қызыл жегі" ауруынан зардал шегетін тұлғалар;

қант диабеті ауруынан зардал шегетін тұлғалар.

8. Уәкілетті орган табыс есебінсіз көмек көрсетеді:

1) мерекелік күндерге біржолғы әлеуметтік көмек:

Халықаралық әйелдер күніне осы Қағидалардың 7-тармағы 8) тармақшасында көрсетілген санат үшін уәкілетті органның тізімі негізінде;

Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне осы Қағидалардың 7-тармағы 6) тармақшасының 4 абзацында көрсетілген санат үшін уәкілетті ұйымның тізімі негізінде;

Отан қорғаушы күніне осы Қағидалардың 7-тармағы 1) тармақшасының 3, 4 абзацтарында, 5) тармақшасының 2 абзацында көрсетілген санаттар үшін уәкілетті ұйымның тізімі негізінде;

Женіс күніне осы Қағидалардың 7-тармағы 1) тармақшасының 2, 5 абзацтарында, 2), 3), 4) тармақшаларында, 5) тармақшасының 3 абзацында көрсетілген санаттар үшін уәкілетті ұйымның тізімі негізінде;

Қазақстан Республикасының Конституция күніне осы Қағидалардың 7-тармағы 7) тармақшасының 5, 6 абзацтарында көрсетілген санаттар үшін уәкілетті ұйымның тізімі негізінде;

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне осы Қағидалардың 7-тармағы 6) тармақшасының 2, 3 абзацтарында, 7) тармақшасының 2, 3, 4 абзацтарында көрсетілген санаттар үшін уәкілетті ұйымның тізімі негізінде;

2) біржолғы әлеуметтік көмек:

осы Қағидалардың 7-тармағы 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін өтініш негізінде сауықтыруға арналған 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі-АЕК) мөлшерінде;

осы Қағидалардың 7-тармағы 7) тармақшасының 2 абзацында көрсетілген санат үшін орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі және шот-фактура қоса берілген өтініш негізінде 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларды санаторлық-курорттық емделуге алып жүргүре 20 (жиырма) АЕК мөлшерінде;

осы Қағидалардың 7-тармағы 7) тармақшасының 3,4-абзацтарында көрсетілген санаттар үшін орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі және шот-фактура қоса берілген өтініш негізінде (сауықтыруға) еріп жүретін адамның жол жүруіне, тұруына және тамақтануына 55 (елу бес) АЕК мөлшерінде ;

осы Қағидалардың 13-тармағы 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, өтініш негізінде Қазақстан Республикасы бойынша медициналық мекемелерге жол жүру шығындарын 25 (жиырма бес) АЕК мөлшерінде іс жүзіндегі шығындар бойынша өтеуге 7-тармақтың 7) тармақшасының 2-абзацында көрсетілген санат үшін;

осы Қағидалардың 13-тармағы 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, өтініш негізінде 60 (алпыс) АЕК мөлшерінде 7-тармақтың 9) тармақшасының 2-абзацында көрсетілген санат үшін;

осы Қағидалардың 13-тармағы 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, өтініш негізінде 20 (жиырма) АЕК мөлшерінде 7-тармақтың 9) тармақшасының 4-абзацында көрсетілген санат үшін;

осы Қағидалардың 13-тармағы 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, өтініш негізінде 20 (жиырма) АЕК мөлшерінде 7-тармақтың 9) тармақшасының 5-абзацында көрсетілген санат үшін;

Павлодар облысы білім беру басқармасының "Теренкөл ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі ұсынатын тізімге сәйкес 6 (алты) АЕК мөлшерінде осы Қағидалардың 7-тармағы 9) тармақшасының 6-абзацында көрсетілген санат үшін;

осы Қағидалардың 13-тармағы 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, өтініш, Павлодар облысының әкімдігі Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Теренкөл аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны анықтамасы негізінде 10 (он) АЕК мөлшерінде 7-тармақтың 10) тармақшасының 2-абзацында көрсетілген санат үшін;

Павлодар облысының әкімдігі Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Теренкөл аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ұсынатын тізім негізінде 10 (он) АЕК мөлшерінде осы Қағидалардың 7-тармағы 10) тармақшасының 4-абзацында көрсетілген санат үшін;

осы Қағидалардың 13-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды, дәрігерлік-консультациялық комиссияның ауруды растайтын қорытындысын қоса бере отырып, өтініш негізінде 10 (он) АЕК мөлшерінде 7-тармақтың 10) тармақшасының 6-абзацында көрсетілген санат үшін;

Ұлгілік қағидалардың 13-тармағы 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды, дәрігерлік-консультациялық комиссияның ауруды растайтын қорытындысын қоса бере отырып, өтініш негізінде 10 (он) АЕК мөлшерінде 7-тармақтың 10) тармақшасының 7-абзацында көрсетілген санат үшін;

3) тоқсан сайынғы әлеуметтік көмек:

осы Қағидалардың 7-тармағы 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін (тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге) өтініш негізінде 10 (он) АЕК мөлшерінде);

4) ай сайынғы әлеуметтік көмек:

осы Қағидалардың 13-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, өтініш негізінде гемодиализ орталығына жол жүргүре 10 (он) АЕК мөлшерінде 7-тармақтың 7) тармақшасының 3-абзацында көрсетілген санат үшін;

осы Қағидалардың 13-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде 3 (үш) АЕК мөлшерінде, 7-тармақтың 7) тармақшасының 3, 4 абзацтарында (өзіне-өзі күтім көрсете алмайтын және денсаулығының жай-күйіне байланысты үнемі көмек көрсетуге мүқтаж, өздерінің ата-аналарын (жұбайын) асырап-бағуға және оларға қамқорлық жасауға міндепті еңбекке жарамды кәмелетке толған балалары (жұбайы) жоқ немесе объективті себептер бойынша оларды тұрақты көмекпен және күтіммен қамтамасыз ете алмайтын жақын туыстары бар мүгедектігі бар адамдарға (қарттық жасына, бірінші, екінші топтағы мүгедектігінің, онкологиялық, психикалық ауруларының болуы, бас бостандығынан айыру орындарында отыруына немесе елден тыс жерге тұрақты тұруға кетуі немесе басқа елді мекенде тұруы) көрсетілген санаттар үшін;

осы Қағидалардың 13-тармағы 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, өтініш негізінде оқу кезеңінде тамақтануға, тұруға және окуды аяқтау мерзіміне дейін жол жүргүре 10 (он) АЕК мөлшерінде 7-тармақтың 9) тармақшасының 6,7-абзацтарында көрсетілген санаттар үшін;

аудан әкімі, жоғары оқу орнының басшысы және өтініш беруші қол қойған білім беру қызметтерін көрсетуге арналған үш жақты шарт және жеке басын қуәландыратын құжат қоса бере отырып, өтініш негізінде окудың нақты құны бойынша окудың аяқталу мерзіміне дейін оқуға 7-тармақтың 9) тармақшасының 6, 7-абзацтарында көрсетілген санаттар үшін;

Павлодар облысының әкімдігі Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Тереңкөл аудандық ауруханасы" коммуналдық кемлекеттік кәсіпорыны ұсынатын тізім негізінде тиісті қаржы жылына арналған Қазақстан Республикасының респубикалық бюджет туралы Заңында белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің екі еселенген мөлшерінде осы Қағидалардың 7-тармағы 10) тармақшасының 5-абзацында көрсетілген санат үшін;

Павлодар облысының әкімдігі Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Тереңкөл аудандық ауруханасы" коммуналдық кемлекеттік кәсіпорыны ұсынатын тізім негізінде 15 (он бес) АЕК мөлшерінде осы Қағидалардың 7-тармағы 10) тармақшасының 3-абзацында көрсетілген санат үшін.

9. Уәкілетті орган ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын табысы бар адамдарға көмек көрсетеді:

біржолғы әлеуметтік көмек:

осы Қағидалардың 13-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, өтініш негізінде жеке ауланы дамытуға 110 (бір

жұз он) АЕК мөлшерінде, ірі жемшөп сатып алуға 15 (он бес) АЕК мөлшерінде 7 -тармақтың 9) тармақшасының 3,5-абзацтарында көрсетілген санаттар үшін;

осы Қағидалардың 13-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде 15 (он бес) АЕК мөлшерінде қатты отын сатып алуға (жылыту маусымы кезеңіне көрсетіледі) 7-тармақтың 9) тармақшасының 5- абзацында көрсетілген санат үшін;

осы Қағидалардың 13-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып өтініш негізінде 25 (жиырма бес) АЕК мөлшерінде 7-тармақтың 9) тармақшасының 8-абзацында көрсетілген санат үшін;

осы Қағидалардың 13-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, өтініш негізінде 15 (он бес) АЕК мөлшерінде қатты отын сатып алуға (жылыту маусымы кезеңіне көрсетіледі) 7-тармақтың 9) тармақшасының 9-абзацында көрсетілген санат үшін;

ай сайынғы әлеуметтік көмек:

осы Қағидалардың 13-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып өтініш негізінде шағын орталықта және мектепке дейінгі балалар мекемесінде балаларды асырағаны үшін ата-ананың ақы төлеу шығындарын етеуге 3 (үш) АЕК мөлшерінде 7-тармақтың 9) тармақшасының 3-абзацында көрсетілген санат үшін;

осы Қағидалардың 13-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, өтініш және аудан әкімі, жоғары оқу орнының басшысы және өтініш беруші қол қойған білім беру қызметтерін көрсетуге арналған үш жақты шарт негізінде жоғары оқу орнында оқуды аяқтау мерзіміне дейін оқудың нақты құны бойынша оқу ақысын төлеуге 7-тармақтың 9) тармақшасының 3-абзацында көрсетілген санат үшін;

осы Қағидалардың 13-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып өтініш негізінде оқу мерзімі аяқталғанға дейін оқу кезеңінде тамақтануға, тұруға және жол жүргүре 10 (он) АЕК мөлшерінде 7-тармақтың 9) тармақшасының 3-абзацында көрсетілген санат үшін;

Павлодар облысының әкімдігі Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Тереңкөл аудандық ауруханасы" коммуналдық кемлекеттік кәсіпорыны ұсынатын тізім негізіндебалалар тамағына 5 (бес) АЕК мөлшерінде осы Қағидалардың 7-тармағы 9) тармақшасының 10-абзацында көрсетілген санат үшін.

10. Алушылардың жекелеген санаттары үшін мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшерін облыстық ЖАО келісімі бойынша бірынғай мөлшерде белгіленеді.

**3-тaraу. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі**

11. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі Үлгілік қағидаларының 12-25-тармақтарына сәйкес айқындалды.

**4-тaraу. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздер**

12. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы Тереңкөл ауданының шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;
- 3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдайлар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

13. Артық төленген сомалар ерікті немесе сот тәртібімен қайтарылуға жатады

**5-тaraу. Қорытынды ереже**

14. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқон дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.